



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- және
- кімшілік және басқа жалпы үстеме шығындар. [1]

Жойылу құны – шыққан шығынды тастап, пайдаланылған мерзім соңында субъект актив алатын деп үміттенетін таза сома немесе сынған қалдықтарыды қосалқы бөлшектерінің көзделетін бағасы.

Амортизациялық құн – жойылу құнын алып тастағандағы өзіндік құнның орнына есеп беруде көрсетілген басқа сома мен активтің өзіндік құны.

Теңгерімдік (Баланстық) құн – кез келген жинақталған амортизацияның және құнсызданудан жинақталған залал шегерілгеннен кейін актив танылатын сома.

Нақты ұйымға арналған айырықша құн - ұйымның болжамына сәйкес қандай да бір активті пайдалануға және оның пайдалы қызмет мерзімінің соңында шығып қалуына байланысты, не қандай да бір міндеттемені өтеуге байланысты пайда болатын ақшалай қаражаттар тасқынының дисконтталған құны.

Әділ құн - жақсы хабардар, осындай мәміле жасағысы келетін және бір-біріне тәуелсіз тараптардың арасында мәміле жасаған кезде активті айырбастауға болатын сома. «Әділ құнды бағалау» 13-ХҚЕС-ы әділ құнға нарыққа қатысушылардың баға қойылатын күнде ұйымдастырылған нарықта іске асатын операция жағдайында активті сату барысында немесе міндеттемені тапсыруда төленгенде алынатын баға ретінде анықтама береді. [12]

Сонымен, негізгі құралдар дегеніміз ұйымның өнім өндіруде, қызмет көрсетуде, жұмыс атқаруда маңызы зор, ұйымға тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бір операциялық кезеңнен астам уақыт ішінде пайдаланылуға көзделіп отырған еңбек құралдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 16-шы Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS 16) «Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар»
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 "Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы" бұйрығы
3. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілеріндегі бухгалтерлік есеп: Оқулық/ Жалпы редакциясын басқарған Н.Қ.Мамыров.-Алматы: Экономика, 2012.-310 бет.
4. Әбдіманапов, Ә. Қаржылық есеп: оқулық / Әбдіғали Әбдіманапов.- Алматы, 2007.- 544б.
5. Баймұханова, С.Б. Қаржылық есеп: оқулық / С.Б. Баймұханова.- Алматы, 2007.- 296 б.
6. Алибекова, Б.А. Қаржылық есеп І: оқу құралы / Балшекер Ашықбайқызы Алибекова; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ.- Астана, 2010.- 105 б.
7. Кеулімжаев Қ.К. Құдайбергенов Н.А. Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері. Оқулық-Алматы: Экономика, 2006.-384 бет.
8. Рябова, М. А. Теория бухгалтерского учета : учебное пособие / М. А. Рябова, Н. А. Богданова. – Ульяновск : УлГТУ, 2009. – 158 с.
9. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп: Оқулық.- Қарағанды, «Қарағанды полиграфиясы» АҚ 2009, 568б.
10. «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 Бұйрығы
11. Қазақстан Республикасының 27.12.1994 ж №269-ХІІІ Азаматтық кодексі
12. 13-ші Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS 13) «Әділ құнды бағалау»

УДК 336:947.8

КҮМӘНДІ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕКТЕР: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЕСЕБІ

Әкімбергенова Әйгерім Нұрланқызы
Aigerim-95-1995@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Есеп, аудит және талдау кафедрасының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент Б.А.Алибекова

Кез-келген елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру мен дамыту елдің экономикасын көтеруде маңызды орынға ие. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы салалық және өңірлік монополизмді жоюға, нарықта тауарлар мен қызметтерді көбейтуге, жаңа жұмыс орындар ашуға, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалануға, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер бар. Осы тұста елбасымыз Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол - Болашаққа бастар жол» атты жолдауында: «Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеуге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 миллиард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайызбен несиелеудің бұрын - соңды болмаған шарты жасалды» –деп көрсетілген [2].

Шын мәнінде, көріп отырғанымыздай, шағын және орта кәсіпкерлік – ел экономикасының ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру де солардың үлесінде.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына бірден-бір әсерін тигізетін фактор дебиторлық берешек мөлшері. Себебі, әрбір ұйым өзінің нарықтағы тұрақты орнын сақтап қалу және ондағы үлесін арттыру үшін қаржылық жағдайына, төлем қабілеттілігіне және өзінің клиенттерінің сенімділігіне бағалау жүргізіп отыруға міндетті. Мысалы, дебиторлық берешектердің дұрыс ашылуы және жіктелуі кәсіпорынның қаржылық жағдайын дәл бағалау үшін қажет. Бұл үшін кәсіпорынның бухгалтерлік есеп шоттарында дебиторлық берешек уақытылы және дәл көрініс табу керек.

Дебиторлық берешек дегеніміз - кәсіпорынның айналым қорының бір бөлігі болып табылады және тауарларды жөнелткені мен қызметтерді көрсеткені үшін ақша төлеу бойынша кәсіпорын алдындағы клиенттердің міндеттемелерін білдіреді.

Алайда бүгінгі таңда, әсіресе нарықтық қатынастарға өту және өндірістің құлдырауы кезінде кәсіпорын өз контрагенттерінен белгілі бір себептерге байланысты қарыздарын ала алмайтын кездері өте жиі. Дебиторлық қарыз ұзақ айларға, ал кей кездерде бірнеше жылдарға созылуы мүмкін.

Осыған орай шаруашылық қызмет барысында дебиторлық берешектер дер кезінде келісім шарт негізінде төленбегеннен күмәнді берешектер туындайды. Күмәнді қарыздар есебін ұйымдастыру мен олар бойынша резервтер құру бухгалтерлердің ең басты мәселелерінің бірі болып табылады.

Күмәнді қарыз - бұл келісім шартта көрсетілген мерзімде тұтынушылардың төленбеген дебиторлық берешегі. Күмәнді талаптар дебиторлық берешектерді түгендеу мәліметтерінің негізінде анықталады.

Ұйымның дебиторлық борышы келесі жағдайларда күмәнді талаптар болып саналады:

- Келісім шартта көрсетілген мерзімде немесе төлеу мерзімі бекітілмеген жағдайда қажетті қалыпты уақытта өтелмесе;
- Қажетті кепілдемемен қамтамасыз етілмесе [2].

Ал, Салық кодексінің 105-бап, 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге, сондай-ақ тұрақты мекеме, филиал, өкілдік арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғаларға тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету нәтижесінде туындаған талаптар

және талаптар туындаған кезден бастап үш жыл ішінде қанағаттандырылмаған талаптар күмәнді талаптар болып танылады. Өткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша туындаған және салық төлеуші-дебиторды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банкрот деп тануға байланысты қанағаттандырылмаған талаптар да күмәнді талаптар болып танылады [3].

Ғылыми әдебиеттерді зерделеу күмәнді дебиторлық берешектің пайда болуы және борышқордың берешекті қандай себептерге байланысты өтей алмайтындығын анықтауға мүмкіндік береді [4].

Біріншіден, бұл дебитор басынан кешіріп отырған уақытша қаржылық қиындықтар болуы мүмкін – экономикалық себеп.

Осындай экономикалық себептердің бірі - «Кассалық құлдырау». Оның нәтижесінде пайда болған төлем қабілеттіліктің жоғалуы, бірінші кезекте, ақша ағынын тиімсіз оперативті жоспарлаумен байланысты. Осыған байланысты ақша қаражаттарының келіп түсу мерзімі олардың жұмсалыу мерзімінен қалып отырады. «Кассалық құлдырау» (англ. cash deficiency, cash gap) – кезекті пайда болған шығынды қаржыландыруға қажетті бюджет қаражаттарының уақытша жеткіліксіздігі, бюджетке ақша қаражаттарының келіп түсу уақытымен мен олардың жұмсалыу уақытының сәйкес келмеуімен байланысты туындайды.

Алайда, кассалық құлдырау борышқор активтерінің өтімділігінің жеткіліксіздігі секілді маңыздырақ алғышарттарға ие болуы мүмкін. Нақтырақ кірістің төмендеуі дебитордың айналым капиталының азаюына алып келуі мүмкін. Осының нәтижесінде борышқордың активтері тіпті қысқа мерзімді міндеттемелерді жабуға шамасы жетпей қалады. Бұған аса мән бермеген жағдайда борышқор толық қаржылық тұрақсыздық жағдайға ұшырайды.

Сондай-ақ, дебитордың мінез-құлқына болжанбаған, яғни өзінің күші жетпейтін жағдайлар әсер етуі мүмкін. Борышқордың өлімі немесе ауруға шалдығуы (қарызды өтеуге жауапты тұлға) қарыздың уақытылы өтелмеуіне, не болмаса тіпті өтелмеуіне тікелей түрде әсер етеді. Осыған ұқсас себептер болып дебитордың экономикалық қызметіне әсер ететін дүлей апаттар, апаттар немесе жоспарланбаған сыртқы факторлар табылады.

Борышқормен міндеттемені атқармаудың екінші жағы қасақана сипатқа ие.

Дебитордың басынан-ақ қарызды өтеуді жоспарламаған жағдайы қарастырылған. Төлемді кейінге шегерумен жұмыстарды атқаруға, қызметтерді көрсетуге немесе тауарларды жеткізуге келісім-шартты бекіте отырып қара ниетті субъект бастапқыда активті (пайданы, табысты) алуды жоспарлайды. Бұл ретте борышқордың қарызды қайтаратын ойы болмағандықтан, ары қарай өрбитін жағдай оны аса қызықтырмайды.

Алаяқтық тәсілдерді қолданатын қара ниетті дебиторлар қашып кету, соттың істі қараушылық үдерісін созу, банкроттықты өзгерту ниетімен, немесе қарызды өтеу бойынша міндеттемелерді атқарудан жалтарудың басқа тәсілдерімен төлемді кейінге қалдыру шартында алдамшы жолмен тауарларды (қызметтерді) алады.

Әсіресе, осы алаяқтық мәселелердің алдын алу қазіргі таңдағы ең маңызды мәселелердің бірі. Себебі, ол ұйымның қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді. Мысалы, 2014 жылғы мәліметтер бойынша бірқатар тұтынушылардың энергия тарату компаниясы алдындағы өз міндеттерін орындауға жауапсыздығы салдарынан ұйымның қаржылық жағдайы біраз төмендеген. Электр мен жылу ақысын төлемеу бүгінгі күнге дейін “СевКазЭнергосбыт” ЖШС үшін өзекті мәселе болып қалып отыр. Мәселен, 2014 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша тұрғындардың тұтынған энергияға мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарызы 183,5 млн. теңгені құрайды, оның 96 млн. теңгесі – электр қуатына, 87,5 млн. теңгесі – жылуға. Қасақана төлемақы төлемеушілер саны – сомасы 55 млн. теңгеден асатын 528 абонент. Қазіргі уақытта облыстық сот актілерін орындау департаментінде “СевКазЭнергосбыт” пайдасына жеке тұлғалардан 38 млн. теңгенің қарызын өндіріп алу бойынша 838 атқару парағы жатыр [5].

Көріп отырғанымыздай қасақана төлемеушілер саны барлық дебиторлық берешектің 30 % пайызына жуық. Бұл өте жоғарғы көрсеткіш. Сондықтан ҚР мұндай күмәнді берешектердің алдын алу үшін заң жүзінде бірнеше шаралар қолдану керек. Мысалы

“СевКазЭнергосбыт” ЖШС-нің өкілдері өз тарапынан облыстық сот актілерін орындау жөніндегі департаментпен бірге “дебиторларға” жылжитын және жылжымайтын мүліктерін тәркілеу сияқты әртүрлі шараларды қолданады.

Осылайша, күмәнді берешектің туындауымен байланысты тәуекелдер бар болатын болса, онда кәсіпорында туындаған зияндардың орнын жабуға қажетті ақша базасы болу қажет. Көптеген кәсіпорындар осындай мақсаттар үшін күмәнді берешектер бойынша арнайы резервті құрады. Кейде қарыз жалпы қор сомасынан асатын да кездер болады. Немесе резерв мүлде құрылмауы мүмкін. Кез-келген кәсіпорын өз шаруашылық-қаржылық қызмет барысында мұндай жағдайлармен жиі ұшырайды.

Яғни, күмәнді дебиторлық берешекті өз уақытысымен өндіріп алу ұйымның қаржылық жағдайындағы жетістікті қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі болып табылады. Осыған сәйкес әрбір ұйым өтелу-өтелмеуі белгісіз, күмән тудыратын борыштарды уақытында есептен шығарып тастауы қажет.

Қазіргі таңда күмәнді дебиторлық берешекті есептен шығарудың 2 әдісі бар қалыптасқан.

Біріншісі- тікелей есептен шығару әдісі. Мұнда шығындар нақты шоттарда үмітсіз деп танығаннан кейін ғана тікелей есептен шығарылады.

Екіншісі-резервтік әдіс. Бұл жағдайда шығындар алдын ала қарастырылған тәсілмен есептеледі.

Күмәнді борыштар есебін жүргізгенде «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» заңының 5-бап, 2-тармағында көрсетілген сәйкестік принципі басшылыққа алынуы қажет [6]. Сондықтан жоғарыда көрсетілген 2 әдіс уақытына байланысты сәйкестендіріліп жүргізіледі.

Тікелей есептен шығару әдісі бухгалтерлік есеп тұрғысынан қарағанда тиімді емес, себебі ол табыстар мен шығыстарды сәйкестікке келтіре алмайды. Заңдық құжаттарға сәйкес күмәнді борыштар тауарлар жөнелтілген немесе қызметтер көрсетілген мерзімде емес, қай есепті мерзімде қайтарылмайтын қарыздарға жатқызылса, сол есепті мерзімде ол шығынға апарылуы тиіс деп есептеледі. Егерде күмәнді талаптар сомасы үлкен сомада болса, ол міндетті түрде кәсіпорынның заланың көбейтеді де олардың қаржылық нәтижесіне әсерін кері, яғни залал ретінде тигізеді.

Алайда Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілер салық есептеулерінде тек тікелей есептен шығару әдісін пайдалануға тиісті [3].

Ал, бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдар күмәнді қарыздарға шығындардың есебінен резерв жасай алады. Сонымен күмәнді борыштар бойынша резервтеу әдісі дегеніміз-борыш бойынша кәсіпорын болашақта алуға тиісті сомаға дейін шоттардың көлемін азайтуды және ағымдағы мерзімде күтілетін мұндай шығындарды бөліп көрсетуді қамтамасыз етеді.

18 ХҚЕС – ға сәйкес күмәнді борыштар бойынша резерв құру кәсіпорынның міндеті емес, құқығы болып табылады [7].

Күмәнді қарыздар бойынша резерв пайда болған жағдайда қазақстандық компаниялар мына екі әдістің біреуін қолдануы мүмкін:

- орындалған жұмыстың сату көлемінің пайызы әдісі;
- төлеу мерзімі бойынша есептеу әдісі

Өткізіу көлемінен пайыз әдісін қолдану кезінде күмәнді борыштардан шеккен нақты шығындар мен несиеге сатудан алынатын таза табыстан есептелінген пайыз арасындағы қатынастардың орташа пайызы тәжірибеге сүйене отырып есептеледі. Ол үшін мынадай мысал келтірейік.

Мысалы: Бір жылдағы өнімді өткізу көлемі 1 390 000 теңге сомасын құрады.

2 Кесте- Күмәнді берешектің орташа пайызын есептеу

Жыл	Өнімді өткізу көлемі, мың теңге	Үмітсіз қарыздар сомасы, мың теңге	Күмәнді деп танылған қарыздар пайызы
-----	------------------------------------	---------------------------------------	--

2011	1260	42	3,3
2012	1780	30	1,7
2013	2400	38	1,6
Барлығы	5440	110	2,2

2014 жылда күмәнді талаптар бойынша резерв сомасы:

$1\,390\,000 \cdot 2,2\% = 30\,580$ теңгені құрайды.

Әдіс қолданылуы барысында өте қарапайымдылығымен және тиімділігімен ерекшеленеді. Ескеретін жағдай, тауарларды өткізу (жұмыстар жасау, қызметтер көрсету) көлеміне қолданылатын пайыз мөлшері әрдайым жаңартылып отыруы тиіс.

Екінші әдіс төлем мерзімдері бойынша шоттарды есептеу әдісін қолдану кезінде берешекті төлеу мерзімі бойынша күмәнді талап пайызы анықталады. Ол үшін алынатын барлық шоттарды келесі санаттар бойынша жіктеу қажет:

- төлем мерзімі жетпеген шоттар;
- 1 және 30 күн аралағындағы төлем мерзіміне ие шоттар;
- 31 және 60 күн аралығындағы төлем мерзіміне ие шоттар;
- 61 және 90 күн аралығындағы төлем мерзіміне ие шоттар;
- 90 күннен астам төлем мерзіміне ие шоттар

Күмәнді дебиторлық берешекті төлеу мерзімі бойынша есептеу әдісін 3-кестеден көре аласыздар.

3 Кесте- Күмәнді талаптар сомасын есептеу

Дебиторлық берешекті төлеу мерзімі	Өнімді өткізу көлемі, мың теңге	Күмәнді деп саналатын борыштардың пайызы	Күмәнді талаптардың сомасы, мың теңге
Төлем мерзімі жетпеген шоттар	720	36	259,2
1 және 30 күн аралағындағы төлем мерзіміне ие шоттар	540	44	237,6
31 және 60 күн аралығындағы төлем мерзіміне ие шоттар	420	28	117,6
61 және 90 күн аралығындағы төлем мерзіміне ие шоттар	360	46	165,6
90 күннен астам төлем мерзіміне ие шоттар	200	64	128
Барлығы	2240		908

Осылайша, күмәнді талаптар сомасы 908 000 теңгені құрады.

Міне, жыл сайынғы жолдауында Елбасымыз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа тәсілдерін ұсынып келеді. Көріп отырғанымыздай, бүгінде Президентіміз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жағдай туғызу үшін Еуразиялық экономикалық одақ жобасын жүзеге асыруда. Сонымен қатар, ДСҰ-ға кірудің алғышарттары да түзіліп қойылған. Алдағы уақытта еліміздің экономикасы дәл осы шағын және орта кәсіпкерлік арқылы аспанға шарықтайды деген сенімдеміз. Ал, ол үшін әрбір құрылып отырған кәсіпорын өзінің дебиторлармен есеп айырысу жағдайына талдау жүргізуге міндетті, себебі ол ағымдағы активтерге салынған капитал айналымдылығына, сондай-ақ берешектің артуы немесе азаюы оның қаржылық жағдайына тікелей әсер етеді.

Әсіресе ұйымның құрамында күмәнді дебиторлық берешек жағдайына талдау жүргізу сенімсіз серіктестерді анықтауға, сондай-ақ өз кезегінде жалпы ұйым жағдайының көптеген көрсеткіштерін маңызды жақсартуға алып келетін дебиторлық берешекті басқару саясатын қалыптастыруға көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа

бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.

2. Кеулімжаев Қ.К. «Бухгалтерлік есеп принциптері», Алматы – 2005, С.157
3. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 99-IV Кодексі. 105-бап, 1 тармақ.
4. Л.Ф.Шилова, Е.Е.Михайлов. «Причины возникновения просроченной дебиторской задолженности и ее профилактика»,// Вестник Тюменского государственного университета, 2012 г. №11, С.153
5. И. Сазанова «Дебиторлармен қарызды азайтқан абзал», //Солтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық саяси газеті, 2014ж. қараша. Энергетика бөлімі
6. ҚР “Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы” 2007 жыл 28-і ақпандағы №234-ІІІ заңы
7. ХҚЕС

УДК 336:947.9

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО УЧЕТА И ОТЧЕТНОСТИ В РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Алдынгарова Даметер Тлеугабыловна

dt_aldyngarova@mail.ru

Студентка группы ЕА-23 ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель –А.Н. Ракаева к.э.н., и.о. доцента

В Послании Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» указывается: «Экономическая политика нового курса – всеобъемлющий экономический прагматизм на принципах прибыльности, возврата от инвестиций и конкурентоспособности... Необходимо жестко отбирать объекты инвестиций на предмет их целесообразности и отдачи... Главный критерий эффективности – уровень отдачи от наших вложений».

Для успешного решения этих задач возникает объективная необходимость совершенствования системы метода управления отдельными организациями, отраслями, звеньями экономики страны. Поскольку традиционных методов управления устойчивостью развития экономики, через соотношение активов и обязательств, становится недостаточно. Необходимым условием устойчивого развития хозяйствующего субъекта является синергетическое взаимодействие целого ряда компонентов. Среди них вместе с инновационными факторами особое место должны занимать и экологические факторы.

Тяжелые повреждения природных ресурсов нашей планеты влияют не только на способность общества осуществлять устойчивое развитие, кроме того, он создает многочисленные угрозы негативных последствий для здоровья населения. Многие страны вынуждены задать себе вопрос о степени значимости их естественной окружающей среды, так как ситуация становится все более тяжелой.

Экологический учет может обеспечить экологическую информацию своими уникальными методами. Введение экологического учета не только необходимость устойчивого развития экономики, но и необходима для долгосрочной конкурентоспособности предприятия.

Классики экономической науки долгое время не придавали должного значения экологическим ограничениям в экономическом развитии человеческого общества. И лишь последние десятилетие минувшего столетия, обострившие экологические проблемы и выявившие неразрешимые противоречия между растущими потребностями и общества и невозможностью их обеспечения за счет природных ресурсов, поставили перед